

Телерадио хабарларын тарату саласындағы мемлекеттік техникалық қызмет туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 тамыздағы № 1025 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 244 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2016 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Телерадио хабарларын тарату туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 18 қаңтардағы Заңының 6-бабының 11) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің «Мемлекеттік техникалық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны телерадио хабарларын тарату саласындағы мемлекеттік техникалық қызмет болып белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.01.2013 № 49 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>К. Мәсімов</i>